Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті

# Маяк

Районная еженедельная общественно-политическая газета

2023 жыл / год
14 сәуір / апрель
№15 (64476)
Издается со 2 августа 1939 года

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз / www.astrahan.gov.kz

ЯРМАРКА ВАКАНСИЙ

## ТРУДОУСТРОЙСТВО – ЭТО ВАЖНО

***На прошлой неделе в здании районного Дома культуры села Астраханка проведена ярмарка вакансий для безработного населения.***

В результате проведенной работы поступили заявки от 35 предприятий и организаций района на 77 свободных рабочих мест. В работе ярмарки приняли участие 46 человек.



В районной газете «Маяк» и в социальных сетях предварительно были опубликованы объявления о предстоящем проведении ярмарки. Работодателям были направлены письма и приглашения.

В ярмарке принимали участие руководители предприятий и представители от организаций.

В результате проведения ярмарки на молодежную практику направлено 2 человека, на общественные работы 2 человека, на постоянные рабочие места приняты 3 человека, на временные рабочие места приняты 4 человека.

**Наш корр.**

## САПАЛЫ БІЛІМГЕ БЕТБҰРЫС

***Мемлекет басшысы білім беру саласын ұдайы назарда ұстап, бұл саладағы бәсекелестік пен сапалы әрі терең білімді қолға алуды көздеуде. Сондай-ақ, ұстаз мәртебесі мен қоғамдағы абыройын арттыра беруді де бір сәт назардан тыс қалдырған емес.***



Соған сай қолға алынып жатқан жұмыстардың нәтижесі де жоқ емес. Бұл жолы да менің сенімім ақталды. Яғни, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылу салтанатына қатысып, онда осы білім саласына қатысты бірқатар мәселені тілге тиек еткен болатын. Онда менің көңіліме қонғаны білім саласына қатысты салалық министрлік дайындаған тапсырмалардың тым күрделілігі еді. Расында ұстаз немесе ата-ана ретінде мектеп бағдарламасына сай тапсырмалардың ауырлап бара жатқаны жасырын емес. Осы мәселе орынды көтерілді деп ойлаймын.

«Білім беру саласында ұстаз – ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абыройбеделін арттыра беруіміз керек. Алайда мұғалімдердің, директорлардың және педагогикалық оқу орындары түлектерінің көпшілігі Ұлттық біліктілік емтиханынан өте алмады. Маған кейбір тәжірибелі ұстаздар тиісті министрлік дайындаған тапсырмалар тым күрделі деп шағымданды. Бәлкім, оны жеңілдету, жетілдіру керек шығар. Бұл салада қатып қалған қатаң ереже болмауы керек. Бірақ негізі, ұстаздарға қойылатын талап жоғары болуға тиіс», – деді Мемлекет басшысы өз сөзінде. Алдағы уақытта бұл бастамаға сай нәтижелі өзгерістер болып қалады деген ойдамыз.

Сондай-ақ, кадр мәселесінде Президент орынды ұсыныс айтты. Бұған дейін ұстаздардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында түрлі тренингтер мен апталықтар ұйымдастырылып келеді. Енді бұл мәселеде нақты шаралар қабылданады деп ойлаймын. Оған қатысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: Мұғалім тапшылығын желеу етіп, мектепке кез келген адамды жұмысқа ала беруге болмайды. Мұндай әрекет ұстаздардың біліктілік деңгейін күрт төмендетеді. Сол себепті мұғалім даярлау ісін жетілдіру үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Бұл – өскелең ұрпақтың болашағына байланысты өте маңызды міндет, – деген болатын.

**Сағыныш АМАНГЕЛДІ,**
**білім бөлімінің кадр бойынша әдіскері.**

## СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ – ТАЗАЛЫҚ ТАРАЗЫСЫ

**«Тазалық – табалдырықтан басталады», демекші қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Тазалықты жанына серік еткен астрахандықтар аудан елді мекендерінде санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандырудың айлығына сәйкес сенбілік шарасына белсене араласты.**



Аудан көлемінде жүргізіліп жатқан қызу тазалық жұмыстарына барлық мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді. Соның ішінде, ауданның кіре беріс аймағын, орталық көшелер мен әлеуметтік нысандардың айналасын толық қамтыған тазалық жанашырлары қоқыс қалдықтарын шығарып, ортақ мекеннің көркеюіне өз үлестерін қосты.

Атап өту қажет, сенбілік аясында аудан бойынша тазалық жұмыстарына техникалар жұмылдырылды. Тазартылған аумақтар бойынша тұрмыстық қатты қалдықтар шығарылды.

Бұл шара тұрғындардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыруға және аудан орталығының санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталды.

Қоршаған ортаның тазалығын қатаң бақылауда ұстау, қоқыс қалдықтарын бей-берекет тастамау, тазалықты сақтау - әрбір тұрғынның, азаматтың басты міндеті екендігі анық. Өмір сүріп отырған ортаның тазалығына жанашырлықпен қарайтын әрбір азамат мұны естен шығармауы тиіс.

Осыған орай, үй ауласын, көшесін жинап, шашылған қоқыстарды арнайы орындарға тастау арқылы тазалықты сақтап, атсалысуға шақырамыз.

**Арман ЖАПАРОВ.**

## АЛАЯҚТЫҚ: ҰЛТТЫҚ БАНК ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ АБАЙ БОЛУҒА ШАҚЫРДЫ

***Қазақстан Ұлттық банкі халықаралық аударымдарға қатысты алаяқтық әрекеттердің көбейгенін ескертеді.***

Жеке және заңды тұлғалар Ұлттық банкке шетел валютасымен ақша алуға жәрдем көрсетуді сұрап, өтінішпен жүгініп жатады. Әдетте мұндай өтініштерге жалған төлем құжаттары (соның ішінде SWIFT форматында) және есепте жоқ шоттар мен ақша аударымдарын растайтын шарттар қоса беріледі.

«Назар аударуды сұраймыз, Ұлттық банк орталық банк болып саналады және ол Қазақстан Республикасының банк жүйесінде жоғарғы (бірінші) деңгейді білдіреді. Ұлттық банк жеке тұлғаларға қызмет көрсетпейді және ҚР резидент, бейрезидент тұрғындарына ақша аудармайды.

Ұлттық банк SWIFT арқылы клиент төлемдеріне қызмет көрсету процесіне қатыспайды және SWIFT арқылы операция



жүргізуге рұқсат бермейді.

Ұлттық банк жекелеген валюталық шарттарға валюта операциялары бойынша деректерді жинау мақсатында ғана есептік нөмірлерді тіркейтін хабарлаймыз. Бұл рәсім рұқсат ету, санкция салу немесе мақұлдау қызметін атқармайды.

Есептік нөмірді Ұлттық банк реттеуші тарапынан қандай да бір міндеттемесіз береді және оның болуы келісім бойынша ақша түскенін не жөнелтілгенін білдірмейді. Бұл ретте нөмір беру Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін тұлғаларды жауапкершіліктен босатпайды», делінген хабарламада.

**Өз ақпаратымыз.**

## ҚҰРМЕТТІ АСТРАХАН АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

«Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 Жарлығын орындау үшін 2023 жылғы 21 сәуірде сағат 11.00-де Петровка а. Мәдениет үйінің ғимаратында Ақмола облысының әкімі Е.Б.Маржықпаевтың Астрахан ауданының халқымен кездесуі өткізіледі.

**Ақмола облысы әкімінің аппараты.**

## АУДАНДА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АУМАҚТАРЫН САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛАУ, АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КӨГАЛДАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ КӨКТЕМГІ АЙЛЫҚ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, елді мекендерде тиісті санитарлық тәртіпті орнату мақсатында, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданда 2023 жылғы 10 сәуірден бастап 10 мамыр аралығында елді мекендердің аумақтарын санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі көктемгі айлық өткізілсін.
2. Елді мекендердің аумақтарын санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі көктемгі айлықты өткізу жөніндегі аудандық комиссия 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.
3. Астрахан ауданының елді мекендерінің аумақтарын санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары 2 -қосымшаға сәйкес бекітілсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астрахан ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы оның қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудан әкімі Н. Сейілов**

*Астрахан ауданы әкімдігінің 2023 жылғы ________ № ____ қаулысына 1- қосымша*

### ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АУМАҚТАРЫН САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛАУ, АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КӨГАЛДАНДЫРУ БОЙЫНША КӨКТЕМГІ АЙЛЫҚТЫ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ

**Мұқанов Руслан Жақсылықұлы** - Аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы

**Әбішева Динара Абдрахманқызы** - «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақмола облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Астрахан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі басшысы, төрағаның орынбасары (келісім бойынша)

**Мұхаметжанов Сағынтай Гельманұлы** - Астрахан ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

**Мұқышева Кымбат** - «Астрахан ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысы

**Мұхаметжанов Тимур Қайырсерікұлы** - «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Полиция департаменті Астрахан ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының бірінші орынбасары (келісім бойынша)

**Қалабаев Қайрат Сабыржанұлы** - «Астрахан ауданының ауыл шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

**Бімжанов Рүстем Қанатұлы** - «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ақмола облысының төтенше жағдайлар департаменті Астрахан ауданының төтенше жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің бас маманы (келісу бойынша)

**Джазина Гүлмира Амангельдіқызы** - Астрахан ауданының «Кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

**Потапчук Светлана Николаевна** - «Астрахан ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

**Жапаров Арман Қуатұлы** - «Маяк» Астрахан аудандық газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры-редакторы (келісу бойынша)

**Оспанқұлова Анар Рамазанқызы** - Астрахан ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, комиссия хатшысы

*Астрахан ауданы әкімдігінің 2023 ж. __ ________ №_____қаулысына 2 қосымша*

### АСТРАХАН АУДАНЫНЫҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ АУМАҚТАРЫН САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛАУ АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КӨГАЛДАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

| № | Іс шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Халықты және шаруашылық жүргізуші субъектілерді тарта отырып, елді мекендердің көшелерін, тұрғын үйлердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың үй жанындағы және үйішілік аумақтарын қоқыс жинаудан тазарту жөніндегі жұмыстар ұйымдастырылсын | Бүкіл кезең | Ауылдық округтердің мен Каменка ауылының әкімдері, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары, ғимараттардың меншік иелері, халық |
| 2 | Әрбір елді мекенде шаруашылық жүргізуші субъектілер мен жеке кәсіпкерлердің техникалық құралдарын тарта отырып, елді мекендердің аумақтарынан, меншік нысанына қарамастан шаруашылық кешені объектілерінен қоқыс пен басқа да қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару жөніндегі мамандандырылған бригадалар құрылсын. | 2023 жылғы сәуір | Ауылдық округтердің әкімдері, ауыл шаруашылық бөлімі, ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшылары, объектілердің меншік иелері |
| 3 | Кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, шағын және орта бизнес объектілерінің, құрылыстардың, көппәтерлі және жеке тұрғын үйлердің қасбеттері мен қоршауларын ретке келтіру жөніндегі жұмыстар ұйымдастырылсын. | Бүкіл кезең | Ауылдық округтердің әкімдері, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары, ғимараттардың меншік иелері, халық |
| 4 | Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықты тарта отырып, елді мекендер аумағында ағаштар мен бұталарды отырғызуды, қолда бар жасыл екпелерді отырғызуды және ақтауды, гүлзарлар мен көгалдарды бөлуді және оларды күтіп баптауды жүргізсін. | 2023 жылғы сәуір | Ауылдық округтердің әкімдері |
| 5 | Ескерткіштерді, обелискілерді, саябақтарды, скверлерді және азаматтардың демалыс орындарын тиісті жағдайға келтіру жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын. | 2023 жылғы 5 мамырға дейін | Ауылдық округтердің әкімдері, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі |
| 6 | Ауылдық округ аумағында зираттарды тазалау және жайластыру жұмыстары ұйымдастырылсын. | 2023 жылғы 5 мамырға дейін | Ауылдық округтердің әкімдері |
| 7 | Республикалық және облыстық маңызы бар автожолдардың бойындағы бөлінген белдеулерді қоқыстан тазарту, автобус аялдамаларын, аялдама алаңдарын жөндеу, ақпараттық көрсеткіштер мен жол белгілерін жаңарту жұмыстары жүргізілсін. | Бүкіл кезең | Мердігерлік ұйымдар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, ауылдық округтердің әкімдері |
| 8 | Кірме және кентішілік жолдарды төгу, грейдирлеу және кескіндеу, жол белгілері мен көрсеткіштерін жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру. | Бүкіл кезең | Ауылдық округтердің әкімдері, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшылары |
| 9 | Сауда және қоғамдық тамақтану объектілерін, базарларды, автожанармай құю станцияларын тиісті жағдайға келтіру жөнінде жұмыс жүргізу, жарнама және үгіт қалқандары, маңдайшалары жаңартылсын. | **Бүкіл кезең** | Ауылдық округтердің әкімдері, кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, «Астрахан АРУГБТУ» РММ, құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі |
| 10 | Елді мекендер аумағындағы авариялық ескі құрылыстарды бөлшектеу және шығару, қоқыс тастайтын жерлерді, мал шаруашылығы фермаларын, көң қоймаларын, шеберханаларды, токтарды, дәрілеу алаңдарын, минералдық тыңайтқыштар мен улы химикаттар қоймаларын жайластыру жөніндегі жұмыстар ұйымдастырылсын. | **Бүкіл кезең** | Ауылдық округтердің әкімдері, шаруашылық субъектілерінің басшылары, тхалық |
| 11 | Өзен арналарын қоқыстан тазарту, жағажайлар мен су маңындағы басқа да көпшілік демалатын орындарды абаттандыру бойынша экологиялық сенбіліктер ұйымдастырылсын | Бүкіл кезең | Ауылдық округтердің әкімдері |
| 12 | Әр жұма барлық елді мекендердің аумақтарын санитарлық тазалау күні болып есептелсін, олардың тұрақты жүргізілуін қамтамасыз етсін | Бүкіл кезең | Ауылдық округтердің әкімдері |
| 13 | Аудандық «Маяк» газетінде айлықтың өту барысы туралы материалдарды апта сайын жариялаумен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен рейдтер өткізілсін. | Бүкіл кезең | Елді мекендерді санитарлық тазалау және абаттандыру айлығын өткізу жөніндегі аудандық комиссия, «Маяк» газетінің редакторы (келісу бойынша) |
| 14 | Бекітілген іс-шаралардың орындалу барысы туралы ауылдық округ әкімдерінің, шаруашылық басшыларының, субъектілердің есептерін тыңдаумен комиссия отырыстары апта сайын өткізілсін. | Бүкіл кезең | Елді мекендерді санитарлық тазалау және абаттандыру айлығын өткізу жөніндегі аудандық комиссия |

## О ПРОВЕДЕНИИ В РАЙОНЕ ВЕСЕННЕГО МЕСЯЧНИКА ПО САНИТАРНОЙ ОЧИСТКЕ, БЛАГОУСТРОЙСТВУ И ОЗЕЛЕНЕНИЮ ТЕРРИТОРИЙ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан, Кодексом Республики Казахстан «Об административных правонарушениях», Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», в целях наведения должного санитарного порядка в населенных пунктах, акимат Астраханского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Провести в районе с 10 апреля 2023 года по 10 мая 2023 года весенний месячник по санитарной очистке, благоустройству и озеленению территорий населенных пунктов.
2. Образовать районную комиссию по проведению весеннего месячника по санитарной очистке, благоустройству и озеленению территорий населенных пунктов согласно приложению 1.
3. Утвердить план мероприятий по санитарной очистке, благоустройству и озеленению территорий населенных пунктов Астраханского района на 2023 год согласно приложению 2.
4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Астраханского района.
5. Настоящее постановление вводится в действие со дня его подписания.

**Аким района Н. Сеилов**

*Приложение 1 к постановлению акимата Астраханского района от 2023 г. №*

### СОСТАВ РАЙОННОЙ КОМИССИИ ПО ПРОВЕДЕНИЮ ВЕСЕННЕГО МЕСЯЧНИКА ПО САНИТАРНОЙ ОЧИСТКЕ, БЛАГОУСТРОЙСТВУ И ОЗЕЛЕНЕНИЮ ТЕРРИТОРИЙ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ

**Муканов Руслан Жаксылыкович** - заместитель акима района, председатель комиссии

**Абишева Динара Абдрахмановна** - руководитель Республиканского государственного учреждения «Астраханское районное управление санитарно-эпидемиологического контроля, Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Акмолинской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан», заместитель председателя (по согласованию)

**Мухаметжанов Сагынтай Гельманович** - руководитель государственного учреждения «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» Астраханского района

**Мукушева Кымбат** - руководитель государственного учреждения «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Астраханского района»

**Мухаметжанов Тимур Каирсерикович** - первый заместитель начальника государственного учреждения «Отдел полиции Астраханского района, Департамента полиции Акмолинской области Министерства внутренних дел Республики Казахстан» (по согласованию)

**Калабаев Кайрат Сабыржанович** - руководитель государственного учреждения «Отдел сельского хозяйства Астраханского района»

**Бимжанов Рустем Канатович** - главный специалист республиканского государственного учреждения «Отдел по чрезвычайным ситуациям Астраханского района Департамента по чрезвычайным ситуациям Акмолинской области Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан» (по согласованию)

**Джазина Гульмира Амангельдиновна** - руководитель государственного учреждения «Отдел предпринимательства и промышленности Астраханского района»

**Потапчук Светлана Николаевна** - руководитель государственного учреждения «Отдел внутренней политики Астраханского района»

**Жапаров Арман Куатович** - директор-редактор товарищества с ограниченной ответственностью «Астраханская районная газета «Маяк» (по согласованию)

**Оспанкулова Анар Рамазановна** – главный специалист государственного учреждения «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» Астраханского района, секретарь комиссии

*Приложение 2 к постановлению акимата Астраханского района от 2023 г. №*

### ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ ПО САНИТАРНОЙ ОЧИСТКЕ, БЛАГОУСТРОЙСТВУ И ОЗЕЛЕНЕНИЮ ТЕРРИТОРИЙ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА НА 2023 ГОД

| № | Мероприятия | Сроки | Ответственные |
|---|---|---|---|
| 1 | Организовать работы по очистке улиц населенных пунктов, придомовых и внутридомовых территорий жилых домов, предприятий и организаций от накоплений мусора с привлечением населения и хозяйствующих субъектов. | Весь период | Акимы сельских округов, руководители предприятий и организаций всех форм собственности, собственники зданий, население |
| 2 | Создать в каждом населенном пункте специализированные бригады по вывозу мусора и других твердых бытовых отходов с территорий населенных пунктов, объектов хозяйственного комплекса независимо от форм собственности с привлечением технических средств хозяйствующих субъектов и частных предпринимателей. | Апрель 2023 года | Акимы сельских округов, отдел сельского хозяйства, руководители сельскохозяйственных формирований, собственники объектов |
| 3 | Организовать работы по приведению в порядок фасадов и ограждений зданий предприятий, организаций, учреждений, объектов малого и среднего бизнеса, сооружений, многоквартирных и индивидуальных жилых домов. | Весь период | Акимы сельских округов, руководители предприятий и организаций всех форм собственности, собственники зданий, население |
| 4 | Провести посадку деревьев и кустарников, кронирование и побелку существующих зеленых насаждений, разбивку цветников и газонов на территории населенных пунктов и уход за ними с привлечением хозяйствующих субъектов и населения. | Апрель 2023 года | Акимы сельских округов |
| 5 | Организовать работу по приведению в надлежащее состояние памятников, обелисков, парков, скверов и мест отдыха граждан. | До 5 мая 2023 года | Акимы сельских округов, отдел культуры и развития языков |
| 6 | Организовать работы по обустройству и очистке кладбищ на территории сельских округов. | До 5 мая 2023 года | Акимы сельских округов |
| 7 | Провести работы по очистке полосы отвода от мусора вдоль автодорог республиканского и областного значения, ремонт автобусных остановок, остановочных площадок, обновление информационных указателей и дорожных знаков. | Весь период | РГП «Казахавтодор», ТОО «СК СтройМонтаж», отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог, акимы сельских округов |
| 8 | Организовать работы по отсыпке, грейдерованию и профилированию подъездных и внутри поселковых дорог, ремонт дорожных знаков и указателей. | Весь период | Акимы сельских округов, отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог, руководители хозяйствующих субъектов |
| 9 | Провести работу по приведению в надлежащее состояние объектов торговли и общественного питания, рынков, автозаправочных станций, обновить рекламные и агитационные щиты, вывески. | **Весь период** | Акимы сельских округов, отдел предпринимательства и промышленности, РГУ «Астраханское РУККБТУ», отдел строи-тельства, архитектуры и градостроительства |
| 10 | Организовать работы по разборке и вывозу ветхих аварийных строений на территории населенных пунктов, обустройству свалок, животноводческих ферм, навозохранилищ, мастерских, токов, протравочных площадок, складов минеральных удобрений и ядохимикатов. | **Весь период** | Акимы сельских округов, руководители хозяйствующих субъектов, население |
| 11 | Организовать экологические субботники по очистке от мусора русел рек, обустройству пляжей и других мест массового отдыха населения у воды | Весь период | Акимы сельских округов |
| 12 | Каждую пятницу считать днем санитарной очистки территорий всех населенных пунктов, обеспечить регулярность их проведения | Весь период | Акимы сельских округов |
| 13 | Проводить рейды с участием представителей средств массовой информации с еженедельной публикацией материалов о ходе прохождения месячника в районной газете «Маяк». | Весь период | Районная комиссия по проведению месячника по санитарной очистке и благоустройству населенных пунктов, редактор газеты «Маяк» (по согласованию) |
| 14 | Еженедельно проводить заседания комиссии с заслушиванием отчетов акимов сельских округов, руководителей хозяйств, субъектов о ходе выполнения утвержденных мероприятий. | Весь период | Районная комиссия по проведению месячника по санитарной очистке и благоустройству населенных пунктов |

# О НЕДОЗВОЛЕННЫХ МЕТОДАХ СЛЕДСТВИЯ И ДОЗНАНИЯ

**Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы.**

Глава государства в своем Послании народу Казахстана от 16 марта 2022 г., функции по расследованию преступлений, связанных с пытками возложил прокурорам.

С 1 января 2023 года исключительная подследственность по расследованию дел о пытках определена за органами прокуратуры.

Прокуроры ориентированы на проведение систематического анализа сообщений о пытках.

Также вводится запрет на ведение переговоров, бесед и опросов с лицом, у которого отсутствует процессуальный статус. Кроме того, в уголовном законодательстве предусмотрена отдельная статья по пыткам, наказание по которой ужесточили.

Пытки ст.146 УК РК «умышленное причинение физических и (или) психических страданий, совершенное следователем, лицом, осуществляющим дознание, или иным должностным лицом либо другим лицом с их подстрекательства либо с их ведома или молчаливого согласия, с целью получить от пытаемого или другого лица сведения или признания либо наказать его за действие, которое совершило оно или другое лицо или в совершении которого оно подозревается, а также запугать или принудить его или третье лицо или по любой причине, основанной на дискриминации любого характера».

Прокуроры на местах ориентированы на незамедлительное реагирование на любую информацию о недозволенных методах следствия и дознания. В случае подтверждения принимать к производству и доводить их до суда. Конституционным законом об Уполномоченном по правам человека введена в должность соответствующего представителя в регионах.




**Сообщаем если Вы стали жертвой пыток Вы можете обратиться оперативному дежурному прокурору Астраханского района по номеру +7 777 956 99 33.**

**Е. КАРАБАСОВ,**
**старший прокурор**
**прокуратуры Астраханского района.**

# СВЕТЛОЕ ВОСКРЕСЕНИЕ ХРИСТОВО

**16 апреля прихожане Русской православной церкви и православные христиане во всем мире встретят светлую Пасху. Светлое Воскресение Христово — главный древний и важный христианский праздник.**




Установлен в честь Воскресения из мертвых Иисуса Христа — события, лежащего в основе христианского учения.

Пасха считается праздником победы над смертью и вечной жизни.

У православных христиан главному празднику предшествует строгий Великий пост. Особыми традициями сопровождается последняя неделя перед Пасхой - Страстная седмица. Сам праздник совершается по особому церковному ритуалу, сопровождается давними народными традициями, обрядами и запретами. В Страстную неделю верующие соблюдают очень строгий пост, в ней особое значение придается отдельным дням: Великий четверг посвящают памяти того, что в этот день Христос установил таинство Евхаристии (причастия). Страстная пятница — самый скорбный день, когда Христос был распят. В Великую субботу ожидается схождение Благодатного огня в Иерусалиме. Этот огонь доставляют во все православные храмы, оттуда верующие разносят его по домам и стараются весь год поддерживать в лампадах. В последние дни недели завершают подготовку к празднику: жилища тщательно прибирают, пекут куличи, творожные пасхи, красят яйца, готовят праздничные блюда. Эти продукты, собранные в пасхальные корзинки, в субботу начинают освящать в церквях. Совершается особо торжественное богослужение, которое завершается крестным ходом вокруг церкви. После богослужения верующие поздравляют и приветствуют друг друга словами «Христос воскрес!». Так они делятся радостью о победе жизни над смертью, напоминая о смысле праздника Пасхи. Отвечают на это «Воистину воскрес!», чем свидетельствуют о своей вере в это чудо.

Для разговения после поста по традиции едят освященные в церкви яйца и пасхи. Всю праздничную неделю христиане навещают близких, угощают ритуальными блюдами родственников, соседей, знакомых, но не предаются излишествам в еде и питье.

В первые дни Пасхи не надо скорбеть и ходить на кладбища, выполнять работу без лишней необходимости. Запрещено выбрасывать остатки пасхальной еды, их нужно скормить птицам или животным. Пасха — великий христианский праздник. К нему долго готовятся верующие, к красивым традициям подключаются даже атеисты, и он становится всенародным.

**Читайте больше: www.nur.kz**

# ДЕНЬ КОСМОНАВТИКИ: ИСТОРИЯ ПРАЗДНИКА

**Одно из высших достижений человечества — освоение космического пространства, начавшееся в XX веке. Новый период в истории получил название «космическая эра». Вспомним, в честь каких событий учрежден День космонавтики и как его отмечают в мире.**




12 апреля 1961 года на земную орбиту вывели первый в мире космический корабль-спутник с человеком на борту. Указом Президиума Верховного Совета СССР от 9 апреля 1962 года в честь первого полета человека в космос был утвержден День космонавтики — праздник, отмечаемый и почитаемый и сегодня.

Первый полет человека в космос состоялся 12 апреля. Именно в этот день ежегодно празднуют День космонавтики Освоение космического пространства всегда будоражило умы ученых и испытателей. И вот 12 апреля 1961 года корабль-спутник «Восток» был выведен в открытый космос впервые с человеком на борту. Пилотом корабля стал советский летчик-космонавт Юрий Гагарин, превратившийся после этого в символ покорения космоса и ставший одним из самых известных людей XX века. Знаменательным пуском руководили Сергей Королев, Леонид Воскресенский и Анатолий Кириллов. Старт корабля прошел успешно, и после отделения последней ступени ракеты-носителя «Восток» совершил свободный полет вокруг нашей планеты.. Облет земного шара занял 108 минут, после чего корабль приземлился в запланированном месте в 10 часов 55 минут по московскому времени близ деревни Смеловка в Саратовской области.

По современным оценкам успешный исход полета составлял не более 46 процентов, на что тогда сильно влияла спешка, с которой готовили первый полет человека в космос. К тому же, не было доподлинно известно, как может отразиться пребывание в космосе на психике человека. Но к счастью, все прошло лучшим образом.

Позже космонавт Герман Титов предложил учредить День космонавтики как в Советском Союзе, так и во всем мире. В ноябре 1968 года на Генеральной конференции Международной авиационной федерации приняли решение утвердить 12 апреля как Всемирный день авиации и космонавтики. А 7 апреля 2011 года на специальном пленарном заседании Генеральной Ассамблеи ООН была принята резолюция, которой 12 апреля провозглашалось Международным днем полета человека в космос. Для Казахстана День космонавтики имеет особое значение. На его земле находится стартовая площадка легендарного первого и последующих космических полетов — космодром Байконур. В этот же день, 12 апреля, в стране отмечают профессиональный праздник — День работников науки, который касается значительного отряда тех, кто занят космическими исследованиями. В мировом отряде космонавтов есть представители РК: Токтар Аубакиров — первый космонавт Казахстана, ставший последним советским космонавтом. Он совершил полет в октябре 1991 года, а через несколько месяцев СССР перестал существовать. Талгат Мусабаев участвовал в трех космических экспедициях, одну из которых он возглавлял как командир корабля. Он был первым казахом, вышедшим в открытый космос, причем в январе 1998 года это было самое длительное пребывание человека в открытом космосе. Айдын Аимбетов в 2015 году провел 10 суток на МКС, выполняя эксперименты по космической программе РК.

В период распада СССР Казахстан не дал погибнуть Байконуру, который до сих пор остается главной космической гаванью мира. Как отмечает доктор технических наук, профессор, академик Мейрбек Молдабеков, бывший руководитель космодрома, а сегодня директор Национального космического агентства РК, на Байконуре стартуют космические программы ЕС, США, международных спутниковых организаций. Это событие — колоссальный шаг для всего человечества, открывший людям управляемое исследование космоса. Несмотря на то, что с каждым годом первый полет человека в космос все дальше от нас, важно помнить, какая огромная работа была проделана, чтобы это совершилось. И сегодня в космической отрасли трудятся сотни тысяч людей, сделав полеты в космос реальностью.

**Nur.kz**

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

# ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

**Ата-бабадан мұраға қалған қазақтың ұлан-ғайыр даласы түрлі замандарда жер ауып келген ұлт пен ұлысқа пана болды. Алыстан кім келсе де құшағын жайып қарсы алатын қазақтың кеңпейілдігі мен қонақжайлылығы да бүған өзінің ықпалын тигізбей қойған жоқ. Сан тараптан соққы жеп, бас сауғалағандары бар, күшпен жер аударылып, айдалғандары бар, түрлі халықтар қазақ жеріне табандары тигенде ғана жан шақырып, естерін жиды. Бүгінде іргелерін бекітіп, осында тамыр жайған қай ұлттың өкілінен сұрасаңыз да, олардың тарихи отандары біреу, ол – Қазақстан.**

Қазақстандағы ұлтаралық және дінаралық татулықты нығайту - бүгінде конституциялық мәртебеге ие болып, елдің ішкі саясатында үлкен рөл атқарып отырған Қазақстан Халқы Ассамблеясы екені даусыз.

Қазақстан 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдуммен қабылданған Ата Заңның өзі «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деп басталуының да өзіндік сыры бар. Ата Заңымыз бойынша ешбір ұлттың, діннің өкілі өзін бұл мемлекетте екінші сорттағы адам сезінбеуіне толық жағдай жасалған. Оған Қазақстан Конституциясының 14-бабында «тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе өзге де жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп жазылуы толық негіз болды. Сондай-ақ, Ата Заңымыздың 39-бабында «ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады» деп, татулық мәселесінің маңыздылығы тағы да айшықтай көрсетілді. Осының арқасында елімізде барлық ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті жалпы ұлттық байлық ретінде қарастырылды.

Күллі ұлт өкілдеріне Конституция арқылы өздерінің этномәдени байлықтарын сақтап, дамытуға мүмкіндіктер берілді. Сөйтіп «қырық пышақ болып, іргесі қақырай сөгіледі» деген талай сәуегейлердің көмекейлеріне құм құйылды. Қазақстан заманауи әлемнің ең қауіпті құбылыстарының бірі – ұлтаралық қақтығыстарды болдырмаудың тиімді тетігін тапты.

Бүгінде ауданымызда түрлі ұлттың өкілдері тату-тәтті, қоянқолтық тіршілік кешіп, еңбек етуде. Бұл мемлекеттің түпкі иесі – қазақ халқының қанында бар кеңпейілдігі мен сабырлы, салиқалығы арқасында деп түсінуіміз керек. Осының нәтижесінде тәуелсіз Қазақ елі қоғамдық жаңғырудың жаңа белесіне кәрі-жас, орыс-қазақ немесе басқа ұлт деп бөлінбей, ортақ үйміз Қазақстанды жаңғыртудың келелі де кешенді шараларына барлығы бірлесе үн қосып, болашаққа бірге аяқ басып барады.

**Қазбек ЗАКАРИЯНОВ,**
**Жалтыр мешітінің өкілі.**

# КӨРНЕКІ АҚПАРАТТАҒЫ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕ

Көшеге шықсаң та, үйде теледидар, радио, ғаламторды қоса қалсақ та жер мен көкті жаулаған жарнама адамның санасын қалыптастырады. Көшеде орналасқан әр қазақша аталған нысан атауы – қазақ тілінің байлығын, бейнелілігін, мәртебесін насихаттайтын құрал.

Ендеше, осы құралдың біздің ауданымыздағы жарнама, көрнекі ақпарат, маңдайша жазуларддағы жай-күйіне сипаттама берсек.

Көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың сауаттылығын қадағалау, тілін реттеу, жүйелеу, олардың «Тіл туралы» және «Жарнама туралы» ҚР заңнама талаптарына сай ресімделіп, орналасуы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ ауданымыздағы көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың жай-күйін анықтау мақсатында Астрахан ауданының мәдениет , тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен тұрақты түрде рейдтер ұйымдастырылып тұрады.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңын орындау барысында көрнекі ақпарат және деректемелерге қатысты Ақмола облысы бойынша 2023 жылы жүргізілетін жұмыс жоспарына сай бірінші тоқсанда «сауат сызжарнамаАқмола2023»хэштегімен заңнама талаптарын бұзған жарнамалар әлеуметтік желілерде жарияланды,медициналық нысандарға зерделеу жұмыстары , сауда және қызмет көрсету саласында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Түбіртек қазақ тілінде берілсін» науқаны жалғасуда.

Медициналық нысандарына дәріхана , аурухана, емхана, санитарлақ-эпидемиалогиялық комитетінің Астрахан аудандық бөлімшесі, «Олимп» клиникалық-диагностикалық зертханасына зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Атап айтатын болсақ, «Олимп» клиникалық-диагностикалық зертханасында ҚР «Тіл туралы» Заң талаптары толық сақталған және дұрыс рәсімдеуді қамтамасыз еткен жалғыз нысан болды.

Басқа нысандарда көрнекі ақпараттарда мемлекеттік тілдегі атаулардың мүлдем жазылмауы, жарнамалардың тек бір тілде (орыс тілінде) жазылуы. Заң талаптары сақталмағаны ескертілді.

Жүргізілген жұмыс барысында сауда және қызмет көрсету саласында заң талаптарына сәкес келмейтін жарнамалық құралдар анықталды. Мысалы: «Выбери свой стиль», (дүкен атауы орыс тілінде жазылған, жарнама тілі тек орыс тілінде ғана рәсімделген), «Sara Live», «Малика», «GifMarket», «Salima», «Ирбис», «Азия», «Мастерок» дүкендерінде (жарнама тілі тек орыс тілінде ғана рәсімделген), «Домовая кухня» асханасы мен шаштараздарда (қызмет көрсету түрлері толығымен орыс тілінде жазылған).

Тіл туралы Заңның «Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде – сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде оң немесе төменгі жағына орналасады» делінген 21-бабы сақталмаған.

Бұлардан бөлек ВЕДЕТСЯ ВИДЕОНАБЛЮДЕНИЕ, ТОВАР ВОЗВРАТУ И ОБМЕНУ НЕ ПОДЛЕЖИТ, ПОЖАЛУЙСТА, ЗАКРЫВАЙТЕ ДВЕРИ, РАБОТАЕТ КОНДИЦИОНЕР, ОТКРЫТО-ЗАКРЫТО, ТРЕБУЕТСЯ ПРОДАВЕЦ, ВЫХОД деген сияқты көпшілікке арналған хабарландырулардың қазақ тіліндегі нұсқасы жоқ десек те болады.

Жарнама беруші сататын затына мән береді де, сол жарнаманың тіліне мән бермей жатуы жиі кездеседі.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді» - демекші, айтылған сын-ескертпелерге түсіністікпен қарап, жауапкершілікті қолға алып, кемшіліктерді уақытылы түзетуге тырыссақ, ҚР-ның Заңдарын, Конституциясын құрметтеген азамат болып танылатынымызды естен шығармайық, ағайын!

**К. АМРИНА,**
**Астрахан ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы.**

МЕКТЕП ӘЛЕМІ

# МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЕНГІЗУ

*«Қоғам неғұрлым танылған сайын, тек өзінің болашағына жақсы ықпал ететін дәстүрлерді ғана сақтап, оларды ұрпақтан - ұрпаққа берудегі жауапкершілігін соғұрлым танитын болады.
Мектеп – осы мақсатқа жетудегі бірден-бір басты құрал».*

**«Жалтыр ауылы №2 ЖОББМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне этнопедагогика элементтерін енгізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және ұлттық құндылықтарды сіңіру» тақырыбында аудандық семинар өтті.**



Семинарда білім беру мен тәрбие жүйесіндегі жаңашыл әдіс-тәсілдерді, оқыту құралдарын, жаңа педагогикалық және білім беру технологияларын іздену және қолдануға әдістендіру ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, функционалдық сауаттылықтарын арттыру мақсатында ұжым өз тәжрибелерімен бөлісе отырып, жоғары деңгейде өткізді. Семинарға аудандық білім бөлімінің әдіскерлері Құралай Атишева,Самал Ибикенова және ауылдық мектептерден келген мұғалімдер қатысты.

Келген қонақтарды ақ шаңқан киіз үйден ақ бауырсағы мен самауырын-нан дәм татқызып, оқушылар, ата-аналар мен ұстаздардан құрылған ұлттық аспапта күмбірлеген күйімен қарсы алып, нағыз қазақ иісин аңқытты. Кіреберіс дәлізде мектеп ұстаздар мен оқушылардың жетістіктері мен жұмыстарын көрсететін портфолиолары мен кітапшалардан тұратын галлерея-ны мектебіміздің тәжірибелі ұстазы педагог-зерттеуші және ғылыми-әдістеме жетекшісі Б.Картабаева таныстырып шықты. Сонымен қатар, әр ұлттың ұлттық дәстүрлері өз тілдерінде таныстырылып, оқушылардың өз қолдарымен жасаған бұйымдарының көрмесі қойылды.

Семинардың ашылуында мектеп директоры Ақ-Жұпар Серикбаева сөз сөйлеп, семинар бағдарламасымен таныстырып, «Ел ертеңін тәрбиелеуші ұстаздар қауымы, еліміздің өркендеуі мен дамуы жолында талмай еңбек етейік!», - деген сөздермен өз баяндамасын аяқтап, келген барша қонақтарға сәттілік тіледі. Ары қарай мектебіміздің жанынан құрылған «Әжелер клубы» мүшелері ақ тілектерін айтып, «Ахау керім» әнімен қонақтар көңілін бір көтеріп тастады.





Семинар бағдарламасына сай Абишева Ф.Т., Баймағамбетова Ж.А., Каратовская Л.Н., Халанская Е.Р., Азимова Г.Е., Семья М., Дюсебеков К.С. сияқты ұстаздар педагогикалық шеберліктерін көрсетіп, тәжірибені жақстарту бойынша үлгілі сабақтарын ұсынды. Сабақтарға қатысқан мұғалімдер жоспарлау, белсенді оқыту тәсілдерін қолданудағы өз білімдерін тереңдетіп, ұжымдық оқыту үлгісін көре алды.

Сонымен қоса ашық аланда ұлттық ойынымыз «Бәйге» жарысы ұйымдастырылып, ауыл кәсіпкерлері Мусин Аязбек және мектеп түлегі Байтуров Мұратбек мырзалардың демеушілігімен шабандоз балаларға сый-сыяпат көрсетілді. Одан кейін дайындалған дастарханда дәмді түскі ас беріліп, ұлттық сусын қымыздан дәм тата отырып, ауылдың алты ауызы айтылып мерекелік көңілді отырыс, ізгі тілектермен ұласты.

Семинар соңында әрбір сабақтар жеке-жеке талқыланды. Атап айтар болсақ, этнопедагогика элементтерін енгізіп, функционалдық сауаттылығын жетілдіріп, сабақты қиыстырып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестіріп тамаша етіп өткізді деген пікірлер айтылды.

Мекебіміздің оқу ісінің меңгерушілері Махметова М. мен Томкова Н. функционалдық сауаттылықты дамытудағы бес жылдық жұмыс жоспарын талдап таныстыра отырып, мектеп мұғалімдеріне кәсібилік және ынтымақтастық атмосфера сыйлағаны үшін алғыстарын жеткізді.

Семинар соңында аудандық білім бөлімінің әдіскерлері қорытынды сөз алып, семинардың аяғында сабақ көрсеткен мұғалімдерге сертификаттар беріп, ұйымдастырушы тарапты марапаттап, келген қонақтарға алғыс білдірді. Сондай-ақ, семинардың өтуіне қаржылай көмек көрсеткен қамқорлық кеңесінің төрайымы Иманкулова Гульжанға, «Казах-ЗерноТрейд» ЖШС басшысы Калибеков Ерболатқа алғысымызды білдіреміз.

**Майра СЕМЬЯ,
«Жалтыр ауылының №2 ЖОББМ» КММ бастауыш сынып мұғалімі.**

# НЕДЕЛЯ ПСИХОЛОГИИ В КОЛЛЕДЖЕ

МИР МОЛОДЕЖИ

**В ГККП Агротехническом колледже села Астраханка прошла «Неделя психологии» – общеколледжное мероприятие, которое заключалось в проведении серии различных акций и тренингов, нацеленных на повышение интереса к психологии, а также на формирование и развитие у учащихся чувства успешности и учебной мотивации. Основная цель – содействовать психологическому просвещению студентов колледжа.**

В рамках недели психологии педагогом – психологом ежедневно проводились различные образовательные и познавательные акции, мастер-классы, презентации и тренинги.

"Неделя психологии" началась с психологической акции "Наш цветок настроения", во время которой каждый мог написать пожелания и приветствие. Данная акция позволила студентам поделиться положительными эмоциями, улучшить настроение.

В первый день обсуждалась тема «В поисках смысла». Со студентами был проведен тренинг с использованием метода логотерапии. Целью данного тренинга было разнообразить способы поведения в кризисных и трудных ситуациях; повысить уверенность в себе и личностный рост участников тренинга.

Вторым мероприятием стал тренинг «Жизненные ценности». Он был проведен с использованием метода библиотерапии. Студенты на примере героев произведения «Маленький принц» смогли осознать свои жизненные ценности, разработать план своего собственного развития.

На третий день проведения "Недели психологии" учащиеся колледжа познакомились с информационным материалом об эффективности общения. На тренинге "Поведение в конфликте" студенты научились выбирать эффективную стратегию поведения в конфликтной ситуации. Успешно поработали над решением конфликтных ситуаций, с помощью теста определили свой стиль стратегии поведения в конфликте, научились отслеживать неконструктивные установки в конфликте.






Также в течение этого дня ребята смогли побывать на интересном мастер-классе «Глинотерапия», по арт-терапии. Получили возможность проработать личные проблемы, наполниться ресурсом и вдохновением. Знакомство с арт-терапией началось с простых упражнений по лепке. Каждый участник нашёл индивидуальные образы и интерпретировал их, исходя из своего видения.



Последним мероприятием стал тренинг для педагогов колледжа «Использование методов арт – терапии для восстановления психологического состояния у педагогов». В процессе работы педагоги улучшили эмоциональное состояние, навыки самоанализа, повысили работоспособность и укрепили позитивное отношение к профессии.

В завершении "Недели психологии" была проведена психологическая акция "Волшебная шкатулка", предназначенная для поддержки и возможности студентам помечать, а взрослым – искренне, по-детски улыбнуться.

Также кураторами групп для студентов был проведён классный час на тему: "Управление стрессом", на котором было рассказано о понятии и причинах стресса, выявлении стрессоустойчивости и о путях выхода из стрессовых ситуаций.

В период прохождения "Недели психологии" студентам была дана возможность поучаствовать в Акции "Почта доверия": написать конфиденциальное письмо психологу о своих переживаниях.

Перед занятиями студенты выполняли дыхательную, зрительную гимнастику и кинезиологические упражнения. В процессе разминки активизировали внимание, повысили способность к более эффективному восприятию материала, улучшили общий эмоциональный настрой.

Помимо этого вниманию студентов был представлен информационный материал по развитию личностного роста: "Как повысить самооценку", "Повысь уверенность в себе", "Как расширить свои знания", "Научись быть жизнестойким». Они получили рекомендации и выполнили упражнения по развитию памяти, внимания, мышления и воображения.

Все мероприятия были очень познавательными, интересными и необходимыми для личностного и профессионального развития студентов. В дальнейшем такие события планируются проводиться ежегодно.

**О. ПРИХОДЬКО,
педагог – психолог.**

# ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕЙНЕТАҚЫНЫҢ ОРТАША МӨЛШЕРІ ҚАНША?

**2023 жылғы қаңтарда республикалық бюджеттен 549,3 млрд теңге сомасына зейнетақы төленді, оның ішінде базалық зейнетақы – 168,7 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы – 380,6 млрд теңге.**



2023 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша зейнеткерлер саны – 2 млн 292 мың адам.

«2023 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 120 992 теңге болды, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 83 089 теңге, базалық зейнетақы – 37 903 теңге», деп хабарлады Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі.

Ведомство өкілдері 2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіндегі өтілін ескере отырып, әр алушыға жеке тағайындалатынын еске салды.

Бұл ретте 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары төленген кезеңдер зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады.

Егер азаматтың зейнетақы жүйесіндегі өтілі 10 жыл немесе одан аз болса, сондай-ақ мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60%-на тең болса, содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2 %-ға артады. Ал егер сіздің өтіліңіз 20 жыл болса, базалық зейнетақы төменгі күнкөріс деңгейінің 80 %-ын құрайды. Еңбек өтілі 30 жыл немесе одан көп болса, күнкөріс деңгейінің ең жоғарлы мөлшерінде яғни 100% белгіленеді.

Егер бір ай ішінде міндетті зейнетақы жарналары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірнеше рет аударылса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір айды құрайды.

Осылайша міндетті зейнетақы жарналары неғұрлым тұрақты және толық көлемде аударылатын болса, зейнет жасына жеткенде базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері соғұрлым көп болады», деп хабарлады министрліктің баспасөз қызметі.

**Өз ақпаратымыз.**

# ШЕТЕЛДЕ ДІНИ БІЛІМ АЛУДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ НЕДЕ?

***ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДІН***

Қазақстан – өзін зайырлы мемлекет ретінде заң жүзінде бекіткен мемлекет. Зайырлылық дегеніміз – қоғамның кез келген мүшесіне оның ұстанған діни-сенімі, нәсілі, көзқарасына араласпайтын еркіндік беретін ұстаным. Зайырлылық – «атеизм» емес адамның діни-сенім бостандығына кепілдік беру. Онын дәлелі ретінде еліміздегі рұқсат етілген діни бірлестіктердің барлық дерлігі өз жұмыстарын еш қысымсыз жүргізуі. Тарихқа терең үңілсек, қазақ халқы мың жылдан астам уақыт мұсылманшылықты өз күнделікті тұрмыс тіршілігінде басшылыққа алып отыр. Салт-дәстүрімізбен біте қайнасып, ұлттық болмысымызға айналған ата дінімізді үйрену үшін ата-бабаларымыз орта ғасырда шетел асып білім алатын. Ол кезеңде Орта Азия өлкесі ғылымның орталығы болды. Бұхара, Самарқан, Отырар, Тараз, Түркістан, Сығанақ қалалары Ислам ғылымының ошағына айналды. Осы жерден білім алғаннан кейін барып білімін тереңдету үшін ғана ата-бабаларымыз шетел асып сапарларға шыққан. Дей тұрғанмен, мүлдем шетел асып білім алмау керек деген тұжырым дұрыс емес. Себебі шетелде діни білім алу емес, жалпы білім алу үшін сапарға шығу Ислам дінінде өте құптарлық сауапты іс саналады.

